

## Әдіснамалық түсініктемелер

Инфляциялық күтулердің квантификациясын «ГФК Қазақстан» компаниясы «Сіздің ойыңызша, тұтастай алғанда келесі 12 айда бағалар қалай өзгереді?» деген сұраққа жауаптардың нәтижелері бойынша халыққа пікіртерім жүргізу шеңберінде жүргізеді, жауаптардың нұсқалары мынадай:

- Қазіргіден де тез өсетін болады;
- Қазіргідей өседі;
- Қазіргіден баяу өседі;
- Осы деңгейде/өзгеріссіз қалады;
- Төмендейді;
- Жауап беруге қиналып тұрмын.

Есептеу Берк әдістемесі<sup>1</sup> бойынша квантификацияның ықтимал әдісінің көмегімен жүзеге асырылады.

Пайдаланылатын әдісте екі негізгі болжам жасалады. Біріншісі – инфляция бағалауының бөлудің белгілі бір заңы болады, және екіншісі – респонденттер сезімталдық аралығы шеңберінде сауалнамадан жауаптың нұсқаларына дейін өз күтулерін «дөңгелектейді».

Инфляциялық күтулердің қалыпты бөлуі болатыны болжанады. Әрбір  $i$  агенті  $t$  уақыт сәтінде ықтималдылықтарды субъективті шартты бөлу негізінде  $t+12$  уақыт сәтінде (айлармен) бағалардың болашақ тәртібі туралы сұраққа жауап береді:

$$Z_{t+12} = \frac{\Pi_{t+12} - \Pi^e_{t+12}}{\sigma_{t+12}}$$

мұндағы

$\Pi_{t+12}$  – инфляцияның ағымдағы деңгейі,

$\Pi^e_{t+12}$  – инфляцияның күтілетін деңгейі,

$\sigma_{t+12}$  – стандартты ауытқу.

Бұл бөлу тұтынушыларға  $t$  уақыт сәтінде қолжетімді ақпаратқа негізделген. Бұл ретте респонденттер  $(-\varepsilon_t; \varepsilon_t)$  и  $(-\delta_t + \Pi_{t+12}; \delta_t + \Pi_{t+12})$  аралығында бағаның өзгерістерін айырмайды деп есептеледі.

Инфляциялық күтулер теңдіктер жүйесінен болжамды бөлудің математикалық күтуін білдіреді:

---

<sup>1</sup> J.M. Berk, 1999. Measuring inflation expectations: a survey data approach. Applied Economics, 31, 1467-1480.

$$\begin{aligned}
RR_{t+12} &= 1 - H(Z_{t+12}^1) \\
ER_{t+12} &= H(Z_{t+12}^1) - H(Z_{t+12}^2) \\
WR_{t+12} &= H(Z_{t+12}^2) - H(Z_{t+12}^3) \\
C_{t+12} &= H(Z_{t+12}^3) - H(Z_{t+12}^4) \\
F_{t+12} &= H(Z_{t+12}^4)
\end{aligned}$$

мұндағы:

$$\begin{aligned}
Z_{t+12}^1 &= \frac{\Pi_{t+12} + \delta_t - \Pi_{t+12}^e}{\sigma_{t+12}} \\
Z_{t+12}^2 &= \frac{\Pi_{t+12} - \delta_t - \Pi_{t+12}^e}{\sigma_{t+12}} \\
Z_{t+12}^3 &= \frac{\varepsilon_t - \Pi_{t+12}^e}{\sigma_{t+12}} \\
Z_{t+12}^4 &= \frac{-\varepsilon_t - \Pi_{t+12}^e}{\sigma_{t+12}}
\end{aligned}$$

$H(Z)$  – қалыпты бөлу функциясы,  
 $RR_{t+12}$  – бағаның барынша тез өсуін күтетін  
 респонденттердің үлесі;  
 $ER_{t+12}$  – бағаның өсуін бұрынғы қарқынмен күтетін  
 респонденттердің үлесі;  
 $WR_{t+12}$  – бағаның барынша баяу өсуін күтетін  
 респонденттердің үлесі;  
 $C_{t+12}$  – бағаның өсуін күтпейтін респонденттердің үлесі;  
 $F_{t+12}$  – келесі жылы бағаның төмендеуін күтетін  
 респонденттердің үлесі.

«ГфК Қазақстан» есептеуінде респонденттерде пікіртерім жүргізу сәтінде инфляцияның ағымдағы деңгейі туралы соңғы қолжетімді ақпараттың бар екендігі, оны ай сайын ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің жариялайтыны және осы көрсеткішпен салыстырғанда өз бағасын беретіні болжанады. Яғни, есептеуде пікіртерім жүргізген айдың алдындағы айда тіркелген, инфляцияның «өткен айдың тиісті айына аймен» іс жүзіндегі көрсеткіші пайдаланылады.

Бұл ретте, болашақ инфляция туралы сұраққа жауап бермеген (яғни, «Жауап беруге қиналып тұрмын» жауабының нұсқасы) респонденттердің үлесі басқа жауаптарға тепе-тең бөлінеді.